

Ә/Б отырысында қаралды:

Келісемін:

ДТДЖО:Қ.Р.Тайшыбай

« 31 » 08 2023ж

Бекітемін

Мектеп директор: Г.М.Жумагазина

« 31 » 08 2023ж

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие
тұжырымдамасын жүзеге асыру аясындағы 2023-2024 оқу жылына
арналған

5 «А» сыныбына арналған тәрбие жұмысының жоспары

2023-2024 оқу жылы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары
- Ар-ұят құндылығы: Академиялық адалдыққа ғидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділіктаныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;
Достарын, сыныптастарынсыйлайды;
Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;
Жеке және командаменжұмыс істей білу;
Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;
Физикалық белсенді болу;
Салауатты өмір салтынұстану;
Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету;
Дұрыс қарым-қатынасорната білу;
Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығынсақтайды;
Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;
Қоршаған орта тазалығынсақтайды;

Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық;Ізденімпаз, жасампаз тұлға.тәрбиенін
кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктер.

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ


ҰЛТТЫҚ
МҮДДЕ

АР-ҰЯТ

ТАЛАП

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

(мемлекетшілдік)



Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл



Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді



Елінің тарихын құрметтейді




Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді



Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды

АР-ҰЯТ



Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды



Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады



Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды



Достарын, сыныптастарын сыйлайды



Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

ТАЛАП



Жан мен тән тазалығын сақтайды



Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді



Қоршаған орта тазалығын сақтайды



Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық



Ізденімпаз, жасампаз тұлға

№	Мерзімі	Тәрбие құндылықтары	Тақырыбы	Аяқтау нысаны
ҚЫРКҮЙЕК				
1	1/09	Ұлттық мүдде	Мектебім – мейірім мекені! <i>/1-қыркүйек – Білім күні/</i>	Салтанатты жиын
2	4/09	Ұлттық мүдде	«Тіл – ұлттың мақтанышы» <i>/Қазақстан халықтары Тілдер мерекесі күні/</i>	Тәрбие сағаты
3	11/09	Талап	«Жол тәртібін білген жақсы»	Тәрбие сағаты
4	18/09	Ар-ұят	«Отбасы – басты байлығым» <i>/12-қыркүйек-«Отбасы күні»/</i>	Тәрбие сағатытренинг
5	25/09	Талап	«Дұрыс тамақтана білесіз бе?»	Тәрбие сағаты
ҚАЗАН				
6	2/10	Талап	«Әр бала зорлық зомбылықсыз өмір сүруі керек»	Тәрбие сағаты
7	9/10	Ар-ұят	«Әдеп асыл қасиетім»	Тәрбие сағаты
8	16/10	Ұлттық мүдде	«Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясының хантәңірі» <i>/Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл/</i>	Тәрбие сағаты
9	23/10	Ар-ұят	«Имандылық тәрбие негізі»	Тәрбие сағаты
ҚАРАША				
10	6/11	Талап	«Адал өмір сүру абзал қасиетің болсын»	Тәрбие сағаты
11	13/11	Ұлттық мүдде	«Теңге тәуелсіздік міндеті»	Тәрбие сағаты
12	20/11	Талап	«Компьютердің және телефонның пайдасы мен зияны»	Тәрбие сағаты
13	27/11	Ар-ұят	«Құқығыңды сақта, ар-ұяттан аспа»	Тәрбие сағаты
ЖЕЛТОҚСАН				
14	4/12	Ұлттық мүдде	«Мемлекеттік рәміздер ұлттық мақтанышымыз»	Тәрбие сағаты
15	11/12	Ұлттық мүдде	«Тәуелсіздік ел тірегі»	Тәрбиесағаты
16	25/12	Ар-ұят	«Сыбайлас жемқорлыққа жол берме»	Мерекелік шара
ҚАҢТАР				
17	8/01	Ұлттық мүдде	"Ата баба дәстүрі ұрпаққа өнеге"	Тәрбие сағаты
18	15/01	Талап	«Адалдықты алға ұста»	Тәрбие сағаты
19	22/01	Ұлттық мүдде	«Құқығыңыз бұзылды ма?»	Тәрбие сағаты
20	29/01	Талап	"Суды үнемденіз!"	Тәрбие сағаты
АҚПАН				
21	5/02	Ұлттық мүдде	«Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы»	Тәрбие сағаты

22	12/02	Талап	«Алдымен сүй ардақта ата- ананды»	Тәрбие сағаты
23	19/02	Талап	«Еңбек- өмір мәні»	Тәрбие сағаты
24	26/02	Талап	«Зиянды әдеттен сақтан	Тәрбие сағаты
		НАУРЫЗ		
25	4/03	Ар-ұят	«Анашым-бір күнім бір өзіңе арналады » <i>/8-наурыз-Халықаралық әйелдеркүні/</i>	Мерекелік шара
26	11/03	Ар-ұят	«Сабыр түбі сары алтын»	Тәрбие сағаты
27	18/03	Ұлттық мүдде	«Қазақтың ұлттық ойындары»	Тәрбие сағаты
		СӘУІР		
28	1/04	Ұлттық мүдде	«Ғарыш қырандары»	Тәрбие сағаты
29	8/04	Ұлттық мүдде,	«Қазақ халқының салт - дәстүрлері»	Тәрбие сағаты
30	15/04	Ар-ұят	«Қандай кітап оқисыз?»	Дөңгелек үстел
31	22/04	Талап	«Салауатты өмір жаныңда болсын»	Тәрбие сағаты
32	29/04	Ұлттық мүдде	«Өзге ұлтты жат деме» <i>/1-мамыр-Қазақстан халықтарының ынтымақтастығы күні/</i>	Мерекелік шара
		МАМЫР		
33	6/05	Ұлттық мүдде	«Ер жүрек ерлер» <i>/9-мамыр-Жеңіс күні/</i>	Танымдық сағат
34	13/05	Ұлттық мүдде	<i>/Халықаралық отбасылар күні/</i>	Тәрбие сағаты
35	20/05	Ұлттық мүдде	«Зорлық зомбылыққа жол жоқ»	Тәрбие сағаты